

Жалпыга бірдей әскерге шақыру

Соғыстың басталғанын Балқаш қаласының тұрғындары да аса ашу - ызамен, шынайы патриоттық көңіл - күймен қарсы алды. Жаппай жиналыстар көрсеткендей, ересек жастағы балқаштықтардың барлығы да майдан далаларына ұмтылды. Жалпы Балқаш өңірінен соғысқа шақырылғандар 8554 де, олардың 1735-і қаза болды. Балқаштықтар барлық соғыс майдандарындағы ұрыстарға қатысты. Прага қаласын азат етуге – 35, Будапешті – 38, Варшаваны - 81, Венаны – 22, Софияны -14 және Берлинді алушылар қатарында – 120 балқаштықтар болды. Соғыстың алғашқы айларында зауыт майданға 1305 жұмысшыны жіберді, олардың көпшілігі еріктілер. Көпшілігі майданға кетер алдында өздерінің орнына мамандарды дайындады. Соғысқа өз еріктерімен кеткендердің ішінде Қонырат кенішінің жарылыс жұмыстарының нұсқаушысы Ф.Ф.Суворов ол өзінің өтінішінде былай жазды: «Азамат соғысы кезінде менің әкем мен үш бауырым қайтыс болды. Болашақ ұрпақ үшін мен өз өмірімді беруге дайынмын. Фашистер біздің шекарамызды бұзды. Менде жауға қарсы шығуға дайынмын. Мені майданға алуыңызды өтінемін». Қонырат кенішінен 300-ге жуық еріктілер майданға аттанды. Олардың ішінде Коваленко, Пахаренко, Мамбетов, Болекбаев, Бажикеев, Голищ, Жақметов, Жексембаев, Тусупов, Трофимов, Машаров, Акрамов, Богданов, Жумадилов, Пахотин және басқалары бар. Уақыт өткен сайын олардың саны арта түсті. Әр бір отбасына ауыр тиседе бірі арнайы шақыртумен, бірі өз еріктерімен, бірі мектепті бітіре салысымен майданға аттанып жатты.



Қала сыртындағы әскери дайындық. 1942 ж.



Аурухана ұжымы, майданға аттанар күні. 1941ж.



Майданға шақырылғандарды шығарып салу

